

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Дилбар Ускановна ДУЙСАБАЕВА,

Шырышық мемлекеттік педагогика университетінің доценті,

E-mail: d.duysabayeva@gmail.com

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15256997>

Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиеті мен руханиятының ең ірі тұлғаларының бірі. Оның шығармашылығы қазақ халқының ұлттық болмысы мен мәдени дүниетанымының көрінісі ретінде ерекше маңызға ие. Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде тіл мен мәдениеттің терең байланысы көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда, Абай шығармаларының лингвомәдени сипатын зерттеу – қазақ тіл білімінің, мәдениеттану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелерінің бірі.

XIX ғасырдағы қазақ қоғамының болмысын сипаттайтын сөздер сол кезеңдегі әлеуметтік құрылымға, шаруашылыққа, дәстүрге, діни көзқарастарға және тұрмыс салтына байланысты қалыптасты. Бұл кезеңде қазақ халқы көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, патша үкіметінің отарлық саясатына ұшыраған, әлеуметтік теңсіздік күшейген, білім мен ағартушылықтың маңызы арта бастаған уақыт еді.

Абай Құнанбайұлының шығармаларында да сол заманның болмысын нақты сипаттайтын, әлеуметтік құрылымды, экономикалық жағдайды, тұрмыс пен дәстүрді, діни сенімдерді және отаршылдық дәуірінің ерекшеліктерін бейнелейтін лингвомәдени сипаттағы сөздер жиі кездеседі. Абайдың тілдік жаңашылдығына байланысты зерттеулерде белгілі ғалымдардың еңбектері маңызды орын алады.

А.Құнанбайұлының шығармалары тілінің лингвомәдени сипатын талдау арқылы қазақ халқының ұлттық психологиясы мен болмысыг танимыз. Лингвомәдениеттану – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттейтін пәнаралық ғылым саласы. Бұл ұғым алғаш рет XX ғасырдың соңында тіл мен мәдениет тоғысында пайда болды [1, 18]. Ол тіл бірліктерін халықтың танымдық тәжірибесі мен ұлттық дүниетанымы тұрғысынан қарастырады. Абай шығармаларының тілін осы қырынан зерттеу арқылы қазақ халқының мәдени құндылықтары мен ұлттық ойлау ерекшеліктерін ашуға болады.

Абай тілінің ерекшелігі – оның терең философиялық мазмұнында ғана емес, сонымен қатар сөздердің, образдардың, мақал-мәтелдер мен символдардың қолданылуында да көрінеді. Ақын өз заманының тілдік қорын пайдалана отырып, ұлт болмысына тән дүниетанымды жеткізген.



Абай шығармаларындағы ұлттық-мәдени концептілердің қолдану сипатын да сан қырлы. Абай шығармаларында жиі кездесетін «намыс», «ар», «ақыл», «иман» сынды ұғымдар – қазақ мәдениетінде терең тарихи және моральдық мәнге ие. Бұл концептілер тек тілдік элементтер ғана емес, сонымен бірге ұлттық дүниетанымның өзегі ретінде көрініс табады.

Ақынның:

*Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз...
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз. («Ғылым таппай мақтанба»)*

деген өлеңінде «талап», «еңбек», «терең ой», «қанағат», «рақым» сияқты ұғымдар адамның кемелдену жолындағы негізгі ұстанымдар ретінде берілген. Мұнда әр ұғым мәдени және діни мәнге ие: мысалы, «рақым» – тек жомарттық емес, жүрек пен иман тазалығының көрінісі.

Тағы бір мысал:

*«Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті...»*

Бұл жолдарда «махаббат» пен «Аллаға сүйіспеншілік» — ислам философиясындағы және қазақ дүниетанымындағы рухани ұғымдардың тоғысуы ретінде көрініс тапқан. [2, 34]. Абай бұл жерде Құдайға махаббат пен адамгершілікті бір-бірінен ажырамас құндылықтар ретінде қарастырады.

Сондай-ақ:

Интернатта оқып жүр

Талай қазақ баласы - деп, басталатын өліңінде Абай, "шариғаты шала" білімсіз де тоғышар қазақ оқығандарының орыстың тілі мен жазуын біліп, "прощение-арыз" жазуға ғана шамасы жететін шала оқуын

Прощение жазуға

Тырысар келсе шамасы...

Ойында жоқ бірінің

Салтыков пен Толстой

Я тілмәш, я адвокат

Болсам деген бәрінде ой, («Интернатта оқып жүр»)



- деп қатты сынаған ақын, шарифаты да, оқуы да, білімі де шала оқушыларды оқуды қызмет үшін оқыма, халқыңа пана бол, еліңе пайдаң тисін, сол үшін оқы, -дейді—деп, әжуалай мысқылдайды. Бұл өдең жолдарында «прощение» мен «шама» секілді концептілер теріс сипатта, ал «ар» – рухани таза болмыстың өлшемі ретінде алынады. Бұл ұғымдар қазақ ұлтының ұят, намыс, абырой туралы түсініктерімен тығыз байланысты.

Абай тілінде «ар» сөзі ерекше жиілікпен кездеседі. Бұл сөз ақын үшін тек моральдық категория ғана емес, тұлғаның рухани өлшемі: «*Ар ілімі – иманның серігі, Ар кетсе, адам да кетеді*» деп, ар-ұятты адамның мәні ретінде қарастырады.

Мұндай жолдарда «ар» – адам өмірінің мәндік өзегі, мәдени және моральдық код. Абайдың шығармаларында «ар» ұғымы адамның ішкі дүниесінің тазалығы мен қоғам алдындағы жауапкершілігін білдіреді. Ол «ар» арқылы адамның рухани кемелденуін, өзін-өзі тануын және қоғамдағы орнын анықтауға тырысады.

Абай тілі образды әрі терең. Ақынның көптеген өлеңдерінде метафоралар мен идиомалар кеңінен қолданылады. Бұл бірліктер тілдің көркемдік құралдары ғана емес, мәдени кодтар қызметін де атқарады. Мәселен, «**жүрек**» сөзі кеңінен қолданылып, оның **символдық, философиялық және психологиялық** мәні тереңдетілген. Абайдың шығармашылығында бұл сөз тек биологиялық орган ретінде ғана емес, адамның **рухани және эмоциялық әлемін** білдіретін мәдени код ретінде қызмет етеді. Осы сөздің лингвомәдени сипаты арқылы ақын қазақ халқының ұлттық болмысын, психологиясын және философиялық көзқарастарын жеткізе алған.

Қазақ мәдениетінде жүрек — адам болмысының негізі болып саналады, ол адамның **жан-дүниесінің тазалығы, құдайға сенімі және адамгершілік қасиеттері** туралы көп нәрсе айтады. Абай қазақ халқының өз дәстүрі мен дүниетанымына негізделген жүрек түсінігін дамытып, оны ұлттық құндылықтармен байланыстырды. Бұл жерде жүрек ұғымы тек адам баласының ішкі әлемін ғана емес, сонымен қатар оның **ұлттық моральдық нормалары мен рухани байлығын** да білдіреді. Абай үшін **жүрек** — тек қана адамның эмоциялық әлемінің емес, сонымен қатар **рухани кемелділіктің, өнегеліктің** символы. Абай жүрек, ақыл, қайратты үйлестіру идеясын алға тартып, адамның ішкі кемелдігіне жету жолын сипаттайды[3, 156]. Абайдың философиясында жүрек, ақыл мен ойдың үйлесімділігінен туындайтын жоғары **адамгершілік қасиеттерді** білдіреді. Оның шығармаларында жүрек ұғымы **көкейкесті**



философиялық сұрақтарға жауап іздеуге, құдайға, өмірге, өлімге қатысты ойлар мен сезімдерге байланысты айтылып отырады.

Мысалы: «Жүрек – қайраттың ұясы, ақыл – оның серігі» дегендегі ой Абайдың ақыл мен жүректің үйлесімді жұмысын мадақтауға бағытталған. Ол адамды тек ақылмен емес, жүрекпен де ойланып, дұрыс шешім қабылдауға шақырады. «Жүрегімде тыныштық болмаса, ештеңе бақытым болмайды» Абай жүректі **жан тыныштығы мен моральдық тепе-теңдік** сақтайтын орын ретінде қарастырады. Адамның рухани бейнесі тек жүрек арқылы көрінеді. «Жүрекке ауыр ой салма, жан тыныштығын бер» дегенде «жүрек» сөзі адамның **жанының тыныштығы мен психологиялық күйін** сақтау қажеттілігі туралы айтады. «Жүректен шыққан сөз жүрекке жетеді» дегенде Абай «жүректі» **нақтылық пен шынайылықтың көзі** ретінде көрсетеді. Ол тек шынайы сөздер мен іс-әрекеттер арқылы адам жүрегіне әсер ету мүмкіндігін ұсынады.

Абайдың: «Жүрекке жол тапқан адам ғана, шындықты көре алады» деген пікірі **қазақ халқының рухани көзқарастарын** дәріптейді, жүрек арқылы адам қате мен ақиқаттың арасында дұрыс таңдау жасайды.

Осындай тілдік бейнелер қазақ халқының эмоциялық және моральдық құндылықтарын жеткізеді. Бұл жағынан алғанда, Абай тілі — халықтың ішкі жан дүниесінің көрінісі.

Абайдың қара сөздері – ақынның философиялық және тәрбиелік ойларын жеткізетін проза жанрындағы шығармалары. Бұл туындыларда тілдің қызметі тек ақпараттық емес, мәдени-тәрбиелік мәнге де ие. Қара сөздерде жиі кездесетін мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер және салт-дәстүрге байланысты ұғымдар – қазақ халқының рухани мұрасының бір бөлігі.

Абай шығармаларының тілі – қазақ халқының рухани мәдениетінің айнасы. Ақын өз туындыларында тек сөз қолданысының шебері ғана емес, ұлттық құндылықтардың сақтаушысы және жеткізушісі ретінде көрінеді. Абай тілінің лингвомәдени сипатын зерттеу арқылы біз халқымыздың мәдени болмысын, ойлау жүйесін, дүниетанымын тереңірек түсінеміз. Бұл бағыттағы зерттеулер қазіргі заманғы қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі болып қала береді.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жамалова Г. Лингвомәдениеттану: теориясы мен практикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
2. Жанділдин С. Абай және ислам философиясы // Абайтану негіздері. – Алматы, 2005.
3. Абай: Энциклопедия [бас ред. Р. Н. Нұрғалиев; ред. алқасы: З. Ахметов [ж. б.]]. – Алма-Ата: Атамұра, 1995. – 720 б.
4. Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. – Алматы: Жазушы, 2003.
5. Abduvalitov E. The Effective Ways of Teaching the Literature of Fraternal Nations in General Secondary Schools. <http://dx.doi.org/10.47814/ijssrr.v6i6.1428>
6. Abduvalitov N. Ways of Teaching Samples of World Literature at Literature Classes by Grene Features. <http://ijmmu.com> editor@ijmmu.com ISSN 2364-5369 Volume 9, Issue 3 March, 2022 Pages: 219-223.
7. Nurjan B. Abduvalitov, Ergash B. Abduvalitov, Baurjan N. Sayfullaev. "Methods of comparative analysis in the study of samples of uzbek and world literature" <https://spast.org/techrep/article/view/4576>
8. Nurymbetovich, S. B. (2023). Dialectisms in the Language of Literary Works. *Central Asian Journal of Literature, Philosophy and Culture*, 4(6), 33-39. Retrieved from <https://cajipc.centralasianstudies.org/index.php/CAJLPC/article/view/893>
9. Yusupov B.B. Motherland and Patriotism in the Lyrics of Tulegen Aibergenov. <https://ijssrr.com/journal/issue/view/28>
10. Bazarbayeva Raykhan Abdimumin qyzy Socio-psychological bases of forming speaking competence based on students' creative thinking. Web of Scientists and Scholars: Journal of Multidisciplinary Research. <https://webofjournals.com/index.php/12/article/view/3485>

